

Берешекті өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 27 қараша N 536-ө "1994 жылғы көктемгі дала жұмыстарына әзірлік және оны ұйымшылдықпен өткізу жөніндегі шұғыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 наурыздағы N 252 қаулысына сәйкес Югославияның "Прогресс" фирмасымен республикаға 1994 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдігімен берген жүгері тұқымы үшін есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қаржы министрлігінің және Ауыл шаруашылығы мемлекеттік қаржылық қолдау қоры Республикалық ведомствоаралық кеңесінің аталған фирмаға 105 (жүз бес) млн. теңге мөлшеріндегі берешегінің бір бөлігін Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қоры қаражатының есебінен қайтарымдық негізде өтеу туралы

ұсынысы қабылдансын.

2. Алматы облысының әкімі 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде югославияның "Прогресс" фирмасына 40,3 млн. (қырық миллион үш жүз мың) теңге мөлшерінде берешегінің бір бөлігін өтеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ қаражатты Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорына 1997 жылы осы өкімнің 1-тармағына сәйкес қайтаруды ұйымдастырсын.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары